- тариф на снабженческую надбавку - *формируется по затратному методу и утверждается Департаментом Агентства РК по регулированию естественных монополий по СКО, рост год к году составляет 8%;*

- тариф на услуги КЕГОК по передаче и распределению эл.энергии – *определяется исходя из тарифов АО «КЕГОК», которые в свою очередь утверждаются Агентством РК по регулированию естественных монополий;*

тариф на услуги по балансированию эл.энергии – *определяется исходя из тарифов АО «КЕГОК», которые в свою очередь утверждаются Агентством РК по регулированию естественных монополий.*

Таким образом, темп роста тарифа на снабжение составляет в 2009 году – 16%, в 2010г – 11% и в последующие годы от 7 до 9%.

Отпускная цена на тепловую энергию состоит из следующих частей:

- тариф на производство тепловой энергии – *формируется по затратному методу и утверждается Департаментом Агентства РК по регулированию естественных монополий по СКО, рост год к году определен исходя из уровня ИПЦ;*

- тариф на транспортировку - *формируется по затратному методу и утверждается Департаментом Агентства РК по регулированию естественных монополий по СКО, рост год к году определен исходя из уровня ИПЦ;*

- тариф на снабженческую надбавку - *формируется по затратному методу и утверждается Департаментом Агентства РК по регулированию естественных монополий по СКО, рост год к году определен исходя из уровня ИПЦ.*

Таким образом, темп роста среднеотпускного тарифа составляет от 7 до 12%.

Основной составляющей затрат компании является - топливо, которое рассчитано исходя из выработки электрической и тепловой энергии, а также стоимости 1 тн угля и мазута. Изменение цены топлива год к году составляет 10%, в остальной затратная часть проиндексирована в среднем на 8-9%.

Исходя из вышеизложенного финансовый результат компании в 2009 году составит 814,6 млн тенге и к 2019 достигнет 7051,9 млн.тенге, при этом % рентабельности составит – 26,9%. Данные показатели свидетельствуют о стабильности предприятия, эффективности производства. На основе плановых показателей сформированы прогноз доходов и расходов до 2019 года, а также прогнозное движение денег с учетом налога на добавленную стоимость.

Облигациялар шығарылымның проспекті

«СевКазЭнерго» акционерлік қоғамы

(«СевКазЭнерго» АҚ)

Облигациялар түрі:	Купонды, қамтамасыз етілмеген
Шығарылым көлемі:	8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңге
Саны:	80 000 000 (сексен миллион) дана

«Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсыныстамалар беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың растығы үшін жауапкершілік көтермейді. Облигациялар шығарылымының проспекті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі жағынан ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда берілген барлық ақпараттың шынайы және эмитент пен облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылысуға әкеп соқпайтын болып табылатындығын растайды.»

Петропавл қ., 2009

1. Эмитент туралы жалпы мәліметтер

2. Эмитенттің атауы

қазақ тілінде:

- толық: «СевКазЭнерго» акционерлік қоғамы
- қысқартылған: «СевКазЭнерго» АҚ

орыс тілінде:

- толық: Акционерное общество «СевКазЭнерго»
- қысқартылған: АО «СевКазЭнерго»

ағылшын тілінде:

- толық: Joint stock company «SevKazEnergo»
- қысқартылған: JSC «SevKazEnergo»

«СевКазЭнерго» АҚ «СевКазЭнерго Петропавловск» ЖШС қайта құру арқылы қайта ұйымдастырылған (мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік № 4310-1948–ЖШС (ШҚ), 2008ж. 20 мамырда берілген) және ҚР Азаматтық кодексіне, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І ҚР заңына, «Акционерлік қоғамдар туралы» 13.05.2003ж. ҚР заңына сәйкес қайта құрылғанға дейінгі оның барлық құқықтары мен міндеттерінің құқылы мирасқоры болып табылады.

Акционерлік қоғамның алдыңғы атауы:

- 1999 жылғы 19 қаңтарда «Аксесс-Энерго ПТЭЦ-2» ЖШС тіркелді.
- 2008 жылғы 29 ақпанда «Аксесс-Энерго ПТЭЦ-2» ЖШС атауын «СевКазЭнерго Петропавловск» ЖШС деп өзгертті.
- 2009 жылғы 13 шілдеде «СевКазЭнерго Петропавловск» ЖШС «СевКазЭнерго» АҚ болып қайта ұйымдастырылған.

3. Эмитенттің мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер

- «СевКазЭнерго» АҚ 2009 жылғы 13 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментімен тіркелген. 13.07.2009ж. заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 10660-1948-АҚ.
- Эмитенттің бизнес-идентификациялық № 990140000186

4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі

- 481 400 068 937

5. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсінің нөмірлері, электронды поштасының мекенжайы туралы ақпарат

- Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, 150000, Петропавл қаласы, Жамбыл Жабаев көшесі, 215.
- Тел: +7 (7152) 41-37-02, Факс +7 (7152) 41-28-28

6. Эмитенттің банктік деректемелері

Банктің атауы және деректемелері	Банктің орналасқан жері	Шот №
«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ Петропавл қ. Филиалы	Петропавл қ. Жұмабаев к-сі, 113	№ 101 050 834 (теңге) № 101 050 737 (рес. рублі) № 101 050 135 (АҚШ доллары) № 101 050 436 (Еуро)
«Жинақ банкі» ЕБ АҚ Алматы қ.	Алматы қ., Гоголь к-сі, 30	№ 036 467 190 (теңге) № 006 160 883 (рес. рублі) № 027 070 473 (АҚШ доллары) № 096 070 999 (Еуро)

7. Эмитенттің қызмет түрлері

- электр және жылу энергиясын өндіру;
- электр энергиясын беру және үлестіру;
- жұмыс қуатының барлық диапазонында жүктемені көтеруге, электр энергиясын өндіруге, соның ішінде Республиканың бірлескен энергия жүйесіне беру үшін, сондай-ақ режимді жұмысқа сәйкес электр энергиясын транзитті беруге дайын болуды қамтамасыз ету;
- табиғи ортаға зиянды әсерді азайтуға бағытталған техникалық және ұйымдастыру іс-шараларын атқару;
- электр-энергия жабдықтарды пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- қысыммен жұмыс істейтін қазандықтарды, ыдыстарды, құбырларды жөндеу және пайдалану;
- келесілерді пайдалану, ағымда жөндеу және техникалық қызмет көрсету:
 - 1) бу және су жылыту қазандықтарды, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды;
 - 2) қазандық-қосалқы жабдықтарды;
 - 3) оттек және азот баллондары мен құбырларын;
 - 4) қысыммен жұмыс істейтін бу және ыстық су құбырларын;
 - 5) турбиналарды;
 - 6) турбиналық қосалқы жабдықты;
 - 7) диагностика;
 - 8) іске қосу-жөндеу жұмыстары;
 - 9) жаңарту және қайта құрылымдау.
- сыртқы экономикалық қызмет.

8. Эмитентке немесе онымен шығарылған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктерімен берілген рейтингтер туралы мәліметтер. Эмитентке қаржы агенттігінің мәртебесі берілсе, қаулы қабылданған күнді, уәкілетті орган қаулысының нөмірін көрсету керек.

- «СевКазЭнерго» АҚ акционерлік қоғамға немесе онымен шығарылған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен немесе Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктерімен берілген рейтингтері жоқ. «СевКазЭнерго» АҚ қаржы агенттігі мәртебесі берілген жоқ.

9. Эмитенттің барлық филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жерлері және пошталық мекенжайлары

- «СевКазЭнерго» АҚ филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

10. Сәйкес алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсетіп, эмитенттің қаржылық есебінің аудитін жүзеге асыратын (жүзеге асырған) аудиторлық ұйымның толық ресми атауы (аудитордың аты-жөні, болса, әкесінің аты)

- 2006, 2007, 2008ж. нәтижелері бойынша қаржы-шаруашылық қызмет аудитін «Делойт» ЖШС аудиторлық компаниясы жүргізді, 2006ж. 13 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызметпен айналысуға берген мемлекеттік лицензия №0000015 серия МФЮ-2.
- «Делойт» ЖШС «Міндетті аудит өткізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы қаржы министрінің 2006 жылғы 3 қарашадағы №434 бұйрығында аталған біліктілік талаптарына сәйкес келеді және ҚР Аудиторлар палатасымен расталған тізімге енгізілген («Делойт» ЖШС «Қазақстан Республикасының аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық

ұйымның толық мүшесі ретінде қабылдау туралы 1995 жылғы 24 ақпандағы №5 қаулы). Компания «Қазақстандағы Америка сауда палатасы», «Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы», «Қазақстанның Еуропа Бизнес Қауымдастығы», «Алматы қаржы өңірлік орталығы» сияқты қауымдастықтардың мүшесі болып табылады.

- «Делойт» ЖШС Бас директоры, Алматы, ҚР - Нурлан Бекенов.
- Тапсырма жөніндегі әріптес, білікті аудитор, 1996 жылғы 23 желтоқсандағы біліктілік куәлігі №0000314, Қазақстан Республикасы – Татьяна Гутова.

10.1. Сәйкес алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсетіп, сәйкес қызметтер көрсетуге шарттар жасалған заң және қаржы мәселелері бойынша кеңесшілердің толық ресми атауы

- 15.01.2009ж. «Қорғау» заң агенттігі» ЖШС-мен заң қызметтерін көрсетуге (кәсіпорынның қызмет мәселелері жөніндегі заңгерлік кеңес беру; мемлекеттік органдарда және ұйымдарда, жеке және заңды тұлғалармен қарым-қатынаста заңгерлік қызметтер атқару арқылы мүддесін таныту; келісім-шарттардың, шарттардың, келісімдердің жобаларын әзірлеу және/немесе сараптау) шарт жасалды, орналасқан мекенжайы: Астана қ., Б.Момышұлы д-лы, 4/1 үй, 408-каб., мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік № 33617 1901-ЖШС, 10.04.2009ж. берілген.
- Қаржы мәселелері бойынша кеңес беру мәселелері «Centras Securities» акционерлік қоғамымен ұсынылған, 2009 жылғы 12 қарашадағы қаржы кеңесшісінің қызметтерін ұсыну туралы келісім. «Centras Securities» АҚ «Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығына» кіреді. Компанияның Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі берген тиісті лицензиялары бар:
 - 2004ж. 22 қыркүйектегі инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметпен айналысуға лицензия № 0403200223.
 - 2004ж. 22 қыркүйектегі номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокер-дилерлік қызметпен айналысуға лицензия № 0401200886.

10.2. Егер жоғарыда аталған тұлғалармен жасалған шартты бұзу орын алған болса, тараптардың қайсысының бастама көтергендігі туралы көрсетіп, шартты бұзу себебі туралы ақпарат беру керек.

- Аталған тұлғалармен жасалған шарттар бұзылған жоқ.

11. Эмитенттің корпоративті басқару кодексін қабылдаған күні (қабылдау қоғам жарғысымен қарастырылған жағдайда)

- Корпоративті басқару кодексі Жалғыз акционер – «ЦАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (№8 хаттама) 2009 жылғы 21 қазанда қабылданған.

2. Эмитенттің басқару органдары

12. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы

- Қоғам органдары:
 1. жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы;
 2. басқару органы – Директорлар кеңесі;
 3. атқарушы орган – басқарма;
- Акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе жаңа редакцияда бекіту;
 - Корпоративті басқару кодексін, сондай-ақ осы кодексті қабылдау Қоғам Жарғысымен қарастырылса, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - Қоғамды ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;
 - есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
 - қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
 - жылдық қаржы есептілігін бекіту;
 - қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
 - «Акционерлік қоғамдар туралы» заңның 22-бабының 5-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;
 - заңға сәйкес қоғам акцияларды сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне енгізілген өзгерістерді бекіту (егер құрылтай жиналысымен бекітілмесе, әдістемені бекіту);
 - акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
 - «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
 - шешім қабылдау Заңда және Жарғыда Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
- Директорлар кеңесінің құзыреті
 - қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
 - акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
 - жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
 - қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;

- атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
 - ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
 - корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктер мерзімін анықтау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақы мөлшері мен сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
 - аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғам акциясының төлеміне берілген немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалайтын бағалаушының қызмет төлемінің мөлшерін анықтау;
 - қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, соның ішінде қоғамның бағалы қағаздарына аукциондар және жазылу өткізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды);
 - қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленуі туралы шешім қабылдау;
 - акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызына қоғам ие болып табылатын заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;
 - қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;
 - бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда қоғамның тіркеушісін таңдау;
 - қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
 - ірі мәмілелер және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
 - Заңда және Қоғам жарғысында қарастырылған, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмаған өзге де мәселелер.
- Қоғамның ағымдағы қызметіне Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатпайтын Қоғамның қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдайтын Басқарма – алқалық орган басшылық жасайды.
 - Басқарманың сандық құрамы мен өкілеттіктер мерзімін Директорлар кеңесі анықтайды, ол Басқарма басшысы мен мүшелерін сайлайды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
 - Басқарма төрағасы атқарушы органның басшысы болып табылады.
- Басқарма төрағасының құзыреті:
 - акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
 - үшінші тұлғалармен қатынастарда қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - үшінші тұлғалармен қатынастарда қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

- қоғам қызметкерлерін (Заңда көзделген жағдайларды есептемегенде) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, атқарушы орган мен қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін жұмыскерлерді қоспағанда қоғамның штат кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді;
- жарғыда, акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

13. Эмитенттің Директорлар кеңесінің мүшелері

Директорлар кеңесінің төрағасы	Амирханов Еркын Адамиянович (1967 жылы туылған)
Жұмыс орны/Атқаратын қызметі	Кезең
«ЦАТЭК» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі	2007 ж. - қазіргі уақыт
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ / Директорлар кеңесінің төрағасы	2002 ж. - қазіргі уақыт
«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі	2004 ж. - қазіргі уақыт
«Ұлар Үміт ЖЗҚ» АҚ / Басқарма төрағасы	2009 ж. - қазіргі уақыт
Эмитенттің Жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ
Еншілес және тәуелді ұйымдардың Жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ

Директорлар кеңесінің мүшесі	Татаров Игорь Витальевич (1965 жылы туылған)
Жұмыс орны/Атқаратын қызметі	Кезең
«СевКазЭнерго Петропавловск» ЖШС/бас директор	2009 – қазіргі уақыт
«Аксесс Энерго» ЖШС (29.02.2008ж. атауын «Северо-Казахстанский Энергоцентр» ЖШС деп өзгертті)/ бас директор	2007 – 2008
«Энергоцентр» АҚ/президент	2005 – 2007
«Энергоцентр» АҚ/бірінші вице-президент	2004 – 2005
Эмитенттің Жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ
Еншілес және тәуелді ұйымдардың Жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ

Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор)	Андреев Геннадий Иванович (1943 жылы туылған)
Жұмыс орны/Атқаратын қызметі	Кезең
«Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ/ Бас директор;	1994 ж. - қазіргі уақыт
«КЕГОК» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор)	2006 ж. - қазіргі уақыт
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі	2007 ж. - қазіргі уақыт
«ЦАТЭК» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі	2007 ж. - қазіргі уақыт
Эмитенттің Жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ
Еншілес және тәуелді ұйымдардың Жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ

Директорлар кеңесінің мүшелері сайланған кезден бастап құрамында өзгерістер болған жоқ.

13-1. Эмитенттің директорлар кеңесінің комитеттері

- Облигациялар шығарылымының күніне дейін директорлар кеңесінің комитеттері құрылған жоқ.

13-2. Ішкі аудит қызметі

- Облигациялар шығарылымының күніне дейін ішкі аудит қызметі құрылған жоқ.

14. Эмитенттің атқарушы органы

Басқарма төрағасы	Татаров Игорь Витальевич (1965 жылы туылған)
Жұмыс орны/Атқаратын қызметі	Кезең
«СевКазЭнерго Петропавловск» ЖШС/бас директор	2009 – қазіргі уақыт
«Аксесс Энерго» ЖШС (29.02.2008ж. атауын «Северо-Казахстанский Энергоцентр» ЖШС деп өзгертті)/ бас директор	2007 – 2008
«Энергоцентр» АҚ/президент	2005 – 2007
«Энергоцентр» АҚ/бірінші вице-президент	2004 – 2005
Акционерлік қоғамның Жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ
Еншілес және тәуелді ұйымдардың Жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары – басқарма мүшесі	Язовская Алла Анатольевна (1967 жылы туылған)
Жұмыс орны/Атқаратын қызметі	Кезең
«СевКазЭнерго» АҚ, Петропавл қ. Басқарма төрағасының орынбасары	11.11.2009 – қазіргі уақыт
«СевКазЭнерго» АҚ, Петропавл қ. Бас директордың қаржы және экономика жөніндегі бірінші орынбасары	19.06.2009 – 10.11.2009
«СевКазЭнерго Петропавловск» ЖШС, Петропавл қ. Бас директордың қаржы және экономика жөніндегі бірінші орынбасары	05.01.2009 – 18.06.2009
«Аксесс Энерго» ЖШС (29.02.2008ж. атауын «Северо-Казахстанский Энергоцентр» ЖШС деп өзгертті), Петропавл қ. Бас директордың қаржы және экономика жөніндегі орынбасары	31.10.2007 – 31.12.2008
«Павлодарэнергосервис» АҚ, Павлодар қ. Қаржы және экономика жөніндегі бірінші вице-президент	01.09.2005 – 30.10.2007
«Павлодарэнергосервис» ААҚ, Павлодар қ. Қаржы жөніндегі вице-президент	11.08.2003 – 31.08.2005
«Павлодарэнергосервис» ААҚ, Павлодар қ. Бірінші вице-президент	18.11.2002 – 10.08.2003
Эмитенттің Жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ
Еншілес және тәуелді ұйымдардың Жарғылық капиталындағы үлесі	жоқ

Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары – басқарма мүшесі	Перфилов Олег Владимирович (1968 жылы туылған)
Жұмыс орны/Атқаратын қызметі	Кезең
«СевКазЭнерго» АҚ, Петропавл қ. Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары	11.11.2009 – қазіргі уақыт
«СевКазЭнерго» АҚ, Петропавл қ. Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары	19.06.2009 – 10.11.2009
«СевКазЭнерго Петропавловск» ЖШС, Петропавл қ. Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары	05.01.2009 – 18.06.2009

«Аксесс Энерго» ЖШС (29.02.2008ж. атауын «Северо-Казахстанский Энергоцентр» ЖШС деп өзгертті), Петропавл қ. Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары	31.10.2007 – 31.12.2008
«Павлодарэнерго» ААҚ (13.12.2003ж. атауын «Павлодарэнерго» АҚ деп өзгертті) ТЭЦ-3 Директоры	01.12.2004 – 30.10.2007
«Павлодарэнерго» ААҚ, Павлодар қ. ТЭЦ-2 Директоры	01.10.2003 – 30.11.2004
«Павлодарэнерго» ААҚ, Павлодар қ. ТЭЦ-3 өндірістік кешен директоры	01.07.2002 – 30.09.2003
Эмитенттің Жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ
Еншілес және тәуелді ұйымдардың Жарғылық капиталындағы үлесі	жоқ

15. Осы тармақ акционерлік қоғамдармен толтырылмайды.

16. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органның мүшелеріне, эмитенттің басқа басқарушы тұлғаларына төленетін сыйақы

2009 жылғы 01 қарашада, мың теңге

Банктің басқару органдары	Соңғы үш айдағы жалпы сыйақы мөлшері	Келесі он екі ай ішінде төленуге тиісті сыйақының жоспарланған жалпы мөлшері
Директорлар кеңесі	-	-
Атқарушы Орган	956	3 825

17. Эмитенттің ұйымдық құрылымы

1) Акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшелері

Басқарма

Басқарма төрағасы

Басқарма төрағасының қаржы және экономика жөніндегі бірінші орынбасары

Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары

Ақпараттық технологиялар департаменті

Қызметкерлерді басқару департаменті

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету департаменті

Қаржы және экономика департаменті

Бухгалтерия

Істер басқармасы

Баспасөз қызметі

Кеңсе

Шарттар бөлімі

ТЭЦ-2

Табиғатты қорғау, еңбекті қорғау және энергия үнемдеу қызметі

Мониторинг және маркетинг бөлімі

Жылдам техникалық бөлім

Күрделі құрылыс бөлімі

Жөндеуді жоспарлау және дайындау бөлімі

Өндірістік-техникалық бөлім

Жылу автоматикасы және өлшеу құралдары цехі

Механикалық жөндеу цехі

Отын-көлік цехі

Қазандық турбина цехі

Электр цехі

Химия цехі

Метрология және лицензиялау тобы
 Механизация және көлік тобы
 Оттек станциясы
 Металдар және дәнекерлеу зертханасы

- 2) **Акционерлік қоғам қызметкерлерінің, соның ішінде акционерлік қоғамның филиалдары мен өкілдіктері жұмыскерлерінің жалпы саны**
 - 2 460 адам. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері жоқ.
- 3) **Акционерлік қоғамның акцияларына ие акционерлік қоғам қызметкерлерінің жалпы саны және орналастырылған акциялардың жалпы санындағы жиынтық үлесі, пайызбен**
 - «СевКазЭнерго» АҚ акцияларына ие қызметкерлері жоқ.
- 4) **Акционерлік қоғамның бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер (аты-жөні, болса, әкесінің аты, туылған жылы)**

Құрылымдық бөлімше атауы	Лауазымы	Аты-жөні	Туылған күні
Басқарма	Басқарма төрағасы	Татаров Игорь Витальевич	26.09.1965
	Басқарма төрағасының қаржы және экономика жөніндегі бірінші орынбасары	Язовская Алла Анатольевна	08.03.1967
	Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары	Перфилов Олег Владимирович	15.07.1968
Ақпараттық технологиялар департаменті	Департамент басшысы	Ахметжанов Рамиль Равилевич	29.03.1970
Қызметкерлерді басқару департаменті	Департамент басшысы	Константинова Наталья Валерьевна	18.06.1969
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету департаменті	Департамент басшысы	Коваль Станислав Иванович	06.05.1965
Қаржы және экономика департаменті	Департамент басшысы	Кумаченко Ирина Михайловна	10.01.1962
Бухгалтерия	Бас бухгалтер	Алексеевене Татьяна Вячеславна	01.01.1965
Істер басқармасы	Басқарма басшысы	Жанзаков Азамат Каиркенович	11.11.1973
Баспасөз қызметі	Басшы	Савенков Вячеслав Анатольевич	22.01.1972
Кеңсе	Меңгеруші	Радченко Ольга Михайловна	04.11.1983
ТЭЦ-2	ТЭЦ-2 директоры	Бармин Виктор Николаевич	10.11.1955
ТЭЦ-2	Бас инженер	Бубенчик Борис Николаевич	25.08.1945
Табиғатты қорғау, еңбекті қорғау және энергияны үнемдеу қызметі	Қызмет басшысы	Желеховский Андрей Мирославович	05.10.1964
Мониторинг және маркетинг бөлімі	Бөлім басшысы	Мальцев Юрий Александрович	20.11.1946
Жылдам техникалық бөлім	Бөлім басшысы	вакансия	

Күрделі құрылыс бөлімі	Бөлім басшысы	Дрябин Валерий Витальевич	08.04.1959
Жөндеуді жоспарлау және дайындау бөлімі	Бөлім басшысы	Попов Евгений Юрьевич	11.06.1978
Өндірістік-техникалық бөлім	Бөлім басшысы	Добродомова Ольга Викторовна	07.07.1977
Шарттар бөлімі	Бөлім басшысы	Кравец Ирина Владимировна	28.03.1968
Жылу автоматикасы және өлшеу құралдары цехі	Цех басшысы	Гаврилин Валерий Николаевич	17.09.1947
Механикалық жөндеу цехі	Цех басшысы	Леонов Михаил Анатольевич	14.04.1956
Отын-көлік цехі	Цех басшысы	Ягодин Вадим Петрович	29.04.1977
Қазандық-турбина цехі	Цех басшысы	Айткеев Радий Римович	16.11.1972
Электр цехі	Цех басшысы	Дроздов Юрий Александрович	19.02.1958
Химия цехі	Цех басшысы	Сибатуллина Ольга Владимировна	13.03.1966
Метрология және лицензиялау тобы	Топ басшысы	Лосева Лариса Владимировна	05.12.1960
Механизация және көлік тобы	Топ басшысы	Сидельников Юрий Александрович	10.04.1973
Оттек станциясы	Станция басшысы	Балло Сергей Николаевич	01.01.1950
Металдар және дәнекерлеу зертханасы	Зертхана басшысы	Кукса Александр Андреевич	24.02.1958

5) Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары туралы мәліметтер (аты-жөні, болса, әкесінің аты, туылған жылы)

- Проспект күні Эмитенттің Қазақстан Республикасында және одан тыс жерде филиалдары мен өкілдіктері болған жоқ.

3. Эмитенттің акционерлері мен аффилирленген тұлғалары

18. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары)

- Эмитенттің жалғыз акционері - «Центрально-Азиатская Электроэнергетическая корпорация» АҚ (Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89), ол 125 605 141 жай акцияға (100%) ие.
- Қоғамның акционерлері болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы бақылайтын тұлғалар жоқ.

19. Заңды тұлғаның толық атауын, орналасқан жерін, эмитенттің жарғылық капиталдағы акцияларының (үлестерінің) пайыздық қатынасын, қызмет түрін, бірінші басшысының аты-жөнін, болса, әкесінің атын, көрсетіп, акцияларының (үлестерінің) он және одан да көп пайызына эмитент ие болып табылатын заңды тұлғалар туралы мәліметтер

Заңды тұлғаның атауы	Орналасқан жері	Ұйымның ЖК эмитент акцияларының пайыздық қатынасы	Қызмет түрі	Бірінші басшысының аты-жөні
«Северо-Казахстанская распределительная электросетевая	Петропавл қ., К.Либкнехт к-сі, 144	100.00%	Электр энергиясын беру және бөлу	Тен Виктор Григорьевич

компания» ЖШС				
«Петропавловские тепловые сети» ЖШС	Петропавл қ., Строительная к-сі, 23	100,00%	Жылу энергиясын беру және бөлу	Калиничев Андрей Владимирович
«Северо-Казахстанский Энергоцентр» ЖШС	Петропавл қ., Жабаев к-сі, 215	100.00%	Жылу және электр энергиясымен жабдықтау	Копенов Едил Кудайбергенович

20. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат

- «СевКазЭнерго» АҚ өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтарына, холдингтерге, концерндерге, қауымдастықтарға, консорциумдарға қатыспайды.

21. Эмитенттің басқа да аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер

- Заңды тұлғалар

Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	Қызмет түрі	Басқару органдары мүшелерінің аты-жөні
«Центрально-Азиатская топливно-энергетическая компания» акционерлік қоғамы <i>Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89</i>	Энергетика, машина жасау, өнеркәсіптің басқа да салаларында жұмыс істейтін отандық және шетелдік кәсіпорындардың дамуына көмектесу	Артамбаева Гульнара Джумагалиевна
«Қазақстан Эксимбанкі» акционерлік қоғамы <i>Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 80</i>	Банк қызметі	Амирханов Еркын Адамиянович.
«Акционерный инвестиционный фонд рискованного инвестирования «ЦАТЭК Инвест» акционерлік қоғамы <i>Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89</i>	Инвестициялық қызмет	Турмагамбетов Ренат Жумабекович
«Павлодарэнерго» акционерлік қоғамы	Жылу және электр энергиясын өндіру және тарату	Дука Анатолий Иванович
«Энергоцентр» акционерлік қоғамы <i>Павлодар қ., Кривенко к-сі, 27</i>	Жылу және электр энергиясын бөлу	Аргинов Талгат Габдуллинович
«Павлодарская распределительная электросетевая компания» акционерлік қоғамы <i>Павлодар қ., Кривенко к-сі, 27</i>	Электр энергиясын беру және үлестіру	Бодрухин Федор Фролович
«Павлодарские тепловые	Жылу энергиясын	Крук Олег Павлович.

сети» акционерлік қоғамы <i>Павлодар қ., Камзин к-сі, 149</i>	беру және үлестіру	
«ЦАТЭК Инвестмент Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі <i>Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89</i>	Инвестициялық қызмет	Амирханов Еркын Адамиянович.
«АМАНАТ» Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы <i>Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 80</i>	Міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын тарту, зейнетақы төлемдерін төлеу	Амирханов Аскар Сайдашевич;
«Ұлар Үміт» жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы <i>Алматы қ., Абай д-лы, 115</i>	Міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын тарту, зейнетақы төлемдерін төлеу	Алимгазиева Гульнара Былғариевна
«Эксим Лизинг Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі <i>Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89</i>	Лизинг операцияларын атқару	Амирханов Ержан Адамиянович

• Жеке тұлғалар

Аффилирленген тұлғаның аты-жөні, тұрғылықты жері	Аффилирлік белгісі, тұрғылықты жері
Артамбаева Гульнара Джумағалиевна <i>Алматы қ.</i>	Анасы - Артамбаева Рымгуль Кенжебаевна, Семей қ.
	Ағасы/інісі - Артамбаев Талгат Джумағалиевич, Семей қ.
	Әпкесі/сіңлісі - Макулбаева Динара Джумағалиевна, Семей қ.
Амирханов Еркын Адамиянович, («ЦАТЭК» АҚҚ ірі акционері) <i>Алматы қ.</i>	Әкесі - Амирханов Адамия, Алматы қ.
	Анасы - Сахаева Дамеш Джунусовна, Алматы қ.
	Ағасы/інісі - Амирханов Ержан Адамиянович, Алматы қ.
	Зайыбы - Жаксылыкова Лаура Сериковна, Алматы қ.
Кан Сергей Владимирович, («ЦАТЭК» АҚҚ ірі акционері) <i>Алматы қ.</i>	Анасы - Кан Нина Николаевна, Алматы қ.
	Ағасы/інісі - Кан Виталий Владимирович, Алматы қ.
	Зайыбы - Кан Жанна, Алматы қ.
	Ұлы - Кан Артем Сергеевич, Алматы қ.
	Ұлы - Кан Илья Сергеевич, Алматы қ.
Клебанов Александр Яковлевич, («ЦАТЭК» АҚҚ ірі акционері) <i>Алматы қ.</i>	Әпкесі/қарындасы - Бабаева - Клебанова Анна Яковлевна, Алматы қ.
	Ағасы/інісі - Клебанов Аркадий Яковлевич, Алматы қ.
	Зайыбы - Клебанова Дарья Владимировна, Алматы қ.
	Ұлы - Клебанов Яков Александрович, Алматы қ.
Орымбеков Ерлан Абдикаримович, <i>Алматы қ.</i>	«ЦАЭК» АҚ Президенті
Дука Анатолий Иванович, <i>Павлодар қ.</i>	«Павлодарэнерго» АҚ Басқарма төрағасы
Ризен Инна, <i>Павлодар қ.</i>	«Павлодарэнерго» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары
Асмус Александр, <i>Павлодар қ.</i>	«Павлодарэнерго» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары
Аргинов Талгат Габдуллинович,	«Энергоцентр» АҚ Президенті

<i>Павлодар қ.</i>	
Зинкевич Александр Викторович, <i>Астана қ.</i>	«Астанаэнергосбыт» ЖШС Директоры
Бодрухин Федор Фролович, <i>Павлодар қ.</i>	Президент, «Павлодарская Распределительная Электросетевая Компания» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
Анищук Анатолий Васильевич, <i>Павлодар қ.</i>	Президент, «Павлодарские тепловые сети» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
Татаров Игорь Витальевич, <i>Петропавл қ.</i>	«СевКазЭнерго» АҚ Басқарма төрағасы
Копенов Едил Кудайбергенович, <i>Петропавл қ.</i>	«Северо-Казахстанский Энергоцентр» ЖШС Президенті
Тен Виктор Григорьевич, <i>Петропавл қ.</i>	«Северо-Казахстанская Распределительная Электросетевая Компания» ЖШС Президенті
Калиничев Андрей Владимирович, <i>Петропавл қ.</i>	«Петропавловские Тепловые Сети» ЖШС Президенті
Турмагамбетов Ренат Жумабекович, <i>Алматы қ.</i>	«АИФРИ «ЦАТЭК Инвест» АҚ Басқарма төрағасы
Прихожан Дмитрий Анатольевич, <i>Алматы қ.</i>	«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ Басқарма мүшесі
Казова Алма Мункеевна, <i>Алматы қ.</i>	«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ Басқарма мүшесі
Амирханов Аскар Сайдашевич, <i>Алматы қ.</i>	«АМАНАТ Қазақстан ЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы
Дуйсанбаев Александр Тажобекович, <i>Алматы қ.</i>	«АМАНАТ Қазақстан ЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары
Алимгазиева Гульнара Былгариевна, <i>Алматы қ.</i>	«Ұлар Үміт ЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы

22. Аффилирленген тұлғалардың қатысуымен жасалған мәмілелер

- 2008ж. аффилирленген тұлғалардың қатысуымен жасалған мәмілелер

Ұйым атауы	Мәміле күні	Мәміле мәні	Мәміле сомасы, мың теңге	Шешім қабылдаған қоғам органы
«Қазақстан Эксимбанкі» АҚ	Бір жыл ішінде шарттар бойынша	1. Банктің қызметтері	4 664	Бас директор
		2. Несиені пайдалану үшін сыйақы	17 883	
«Павлодарэнерго» АҚ	Бір жыл ішінде шарттар бойынша	1. Негізгі құралдарды иелену	34	Бас директор
		2. Тауар-материалдық қорларды иелену	3 224	
		3. Электр энергиясын сату	462 775	

22-1. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарғанда аффилирленген деп тану үшін негіздерді және туындау күндерін көрсетіп, секьюритизация мәмілесі тараптарының аффилирленгендігі туралы ақпарат ашылады.

- «СевКазЭнерго» АҚ арнайы қаржы компаниясы емес.

4. Эмитент қызметінің сипаттамасы

23. Эмитент қызметіндегі жалпы үрдістердің, соның ішінде эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша қысқаша сипаттамасы

- эмитенттің бәсекелестері болып талбылатын ұйымдар туралы мәліметтер; «СевКазЭнерго» АҚ электр энергиясының көтерме нарығындағы негізгі бәсекелестері: «Еуроазиатская энергетическая корпорация» АҚ, «AES Экибастуз» ЖШС және «Станция Экибастузская ГРЭС-2» АҚ.

«СевКазЭнерго» АҚ Петропавл қ. Тұтынушыларды жылумен жабдықтаудың жалғыз көзі болып табылады, соған сәйкес жылумен жабдықтау бойынша бәсекелестері жоқ.

- Егер бұл мүмкін болса, Қазақстан Республикасының ішіндегі орта салалық көрсеткіштермен және ортаәлемдік көрсеткіштермен эмитент қызметінің салыстырмалы сипаттамасы

«СевКазЭнерго» АҚ – электр энергиясының сенімді жеткізушісі, бұған меншікті резервтік қуаттардың болуының, авариялық жағдайларда қуаттарды бөле білуінің арқасында қол жеткізілуде. Сондай-ақ «Павлодарэнерго» АҚ, ПУЛ РЭМ, «Станция Экибастузская ГРЭС-2» ЖШС аварияда істен шыққан қуаттарды ауыстыруға жасалған шарттары бар. «СевКазЭнерго» АҚ қарағанда Екібастұз аймағындағы ірі станциялар үлкен қуатты блоктармен (300-500 МВт) шартталған істен шығатын қуаттың толық көлемінде ауыстыру қиындықтарына кездесуде.

- Саланың келешек дамуына және эмитенттің осы саладағы жағдайына қатысты болжам

Соңғы жылдары Қазақстанда электр энергиясын тұтынудың тұрақты өсуі байқалады. Республикада электр энергиясын тұтынудың жылдық өсімі - 6%. Қазақстан Үкіметі электр энергиясын тұтыну: 2010 ж. 78 млрд. кВтч., 2015ж. 91 млрд. кВтч өседі деп болжайды. Қазақстан аймақтарын қайта индустриялау және өнеркәсіпті дамыту энергияны тұтынудың негізгі ұлғаю себебі болып табылады.

24. Кейіннен эмитенттің қызметіне қомақты әсер етуі мүмкін эмитент жасаған келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер

- Қоғам кейіннен қызметіне қомақты әсер ететін келісім-шарттар, келісімдер жасаған жоқ.

25. Құжат күнін, нөмірін, жарамдылық мерзімін, осы құжатты берген органды көрсетіп, эмитент қызмет атқару үшін алған лицензиялар, патенттер, рұқсаттар туралы мәліметтер

Лицензияның атауы	Құжат №	Лицензия түрі (құжаттардың ерекше күшінде болу талаптары)	Берілген күні	Құжатты берген
«СевКазЭнерго» АҚ				
Көтеру имараттарын, сондай-ақ жұмыс қысымы 0,7 кг/см ² асатын және жылу тасығыш температурасы 115° болатын қазандықтарды, ыдыстарды, 0,7 кг/см ² асатын қысыммен жұмыс істейтін құбырларды жөндеу қызметімен айналысуға мемлекеттік лицензия (мемлекеттік лицензияның қосымшасы)	ГЛ№0003178	1. Бас 2. Лицензияланатын қызмет жөніндегі жылдық есеп 3. Лицензия қосымшасына сәйкес қосалқы қызмет түрлерінің тізімі	18.09.2009	ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Мемлекеттік энергетиканы қадағалау жөніндегі комитеті
Электр және жылу	№ 000575	1. Бас	14.08.2009	Табиғи

энергиясын өндіру, беру, үлестіру, электр станцияларын, электр желілерін, қосалқы станцияларды пайдалану қызмет түрімен айналысуға мемлекеттік лицензия		2. Лицензияланатын қызмет жөніндегі жылдық есеп 3. Лицензия қосымшасына сәйкес қосалқы қызмет түрлерін атқару		монополияларды реттеу жөніндегі ҚР агенттігі Астана қ.
Сәулет, қала құрылысы қызметі саласындағы жұмыс (қызмет) түрлерімен айналысуға бас лицензия (мемлекеттік лицензияға қосымша)	16-ГСЛ№000417	1. Бас 2. 7.10.09ж. кешіктірмей есеп беру	Берілген күні: 7.10.08ж., қайта рәсімделген күні: 2.09.09ж.	СҚО мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы
Прекурсорлар айналымымен байланысты қызметке мемлекеттік лицензия: иелену, сақтау, тарату және жою (мемлекеттік лицензияға қосымша)	Серия Р № 000271/09	1. ҚР қолданыстағы заңнамасын, нормалары мен ережелерін сақтау. 2. Өнім айналымына бекітілген квоталарды сақтау. 3. Экологиялық, санитарлық, гигиеналық, өртке қарсы нормалар мен ережелерді сақтау, 4. Тоқсан сайын есірткі құралдарының, психотропты заттардың, прекурсорлардың инвентаризациясын жүргізу 5. Есірткі құралдары, психотропты заттар, прекурсорлар қозғалысының есеп кітабын жүргізу 6. Өнім сапасын бақылау және сертификациясы туралы белгіленген ережелерді орындау 7. Тоқсан сайын есірткі құралдарының, психотропты заттардың, прекурсорлардың айналымы туралы есеп беру	17.09.2009	Комитет по борьбе с наркобизнесом и контролю за оборотом наркотиков МВД РК
Ұсынылған тізімге сәйкес медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік	14.04.2008ж.	«СевКазЭнерго Петропавловск» ЖШС берілген лицензия серіктестіктен «СевКазЭнерго» АҚ болып қайта құрылуына		Солтүстік Қазақстан облыстық

лицензия (мемлекеттік лицензияға қосымша)	байланысты қайта рәсімделуде (құжаттар пакеті тексеруден кейін қайтарылды, өзгерістер мен толықтырулар енгізудеміз)			денсаулық сақтау департаменті
Электер зертхананы пайдалануға беруге рұқсат туралы куәлік	19.10.2001ж. тіркеу №36	1000В және одан жоғары кернеулі электр жабдықтары мен электр қондырғыларын өлшеу сынақтарын орындау құқығымен	02.11.09ж. куәліктің қолданылу мерзімі - 06.11.12ж. дейін	Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі аумақтық орган
Металдар мен дәнекерлеу зертханасының өлшеу жағдайын бағалау туралы куәлік	№454	Өлшеу, сынау: құбырлар, бейін, электрод, болат және дәнекерлеу қосылыстары	11.10.09ж. берілген, 11.10.12ж. дейін жарамды	«НаЦЭжС» АҚ СҚО ф-лы
Химиялық зертхананың өлшеу жағдайын бағалау туралы куәлік	№455	Қызметтің белгіленген саласына сәйкес өлшеу (сынау) орындау (куәлікке қосымша)	11.10.09ж. берілген, 11.10.12ж. дейін жарамды	«НаЦЭжС» АҚ СҚО ф-лы
«Северо-Казakhstanская РЭК» ЖШС				
Келесі қызмет түрлерімен айналысуға мемлекеттік лицензия: электр энергиясын тұтынушыларға дейін беру және үлестіру, коммуналдық-тұрмыстық мәндегі энергиямен жабдықтау объектілерін, бірыңғай технологиялық процесте қолданылатын энергиямен жабдықтау объектілерін қоспағанда қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын электр желілерін, барлық түрдегі қосалқы станцияларды (трансформаторлық қосалқы станцияларды, үлестіру, релелік қорғау және автоматика құрылғыларын) пайдалану (мемлекеттік лицензияға қосымша)	№000127	1. Бас, жарамдылық мерзімі – үш жыл. 2. Лицензияланатын қызмет бойынша жылдық есеп 3. Лицензияның қосымшасына сәйкес қосалқы қызмет түрлерінің тізімі	10.07.2008	Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі ҚР агенттігі Астана қ.
Келесі қызмет түрімен айналысуға мемлекеттік лицензия: қайта сату мақсатында электр энергиясын сатып алу	№ 000128	1. Бас, жарамдылық мерзімі – үш жыл. 2. Лицензияланатын қызмет бойынша жылдық есеп беру	10.07.2008	Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі ҚР агенттігі Астана қ.
«Петропавловские Тепловые Сети» ЖШС				
Келесі қызмет түрімен айналысуға мемлекеттік лицензия: елді мекендерді, өндірістік	№000161	1. Бас, жарамдылық мерзімі – үш жыл. 2. Лицензияланатын қызмет бойынша	28.07.2008	Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі ҚР агенттігі

ғимараттарды, объектілерді жылумен жабдықтау үшін жылу энгергиясын беру және үлестіру (мемлекеттік лицензияға қосымша)		жылдық есеп 3. Лицензияның қосымшасына сәйкес қосалқы қызмет түрлерінің тізімі		Астана қ.
Келесі қызмет түрімен айналысуға мемлекеттік лицензия: 0,7 кг\см ² аса қысыммен жұмыс істейтін құбырларды жөндеу (жай-күй диагностикасы, техникалық құрылғының ақауын немесе жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіру, элементтерін ауыстыру, жөндеу, бүлінген жерлерін жою) (мемлекеттік лицензияға қосымша)	№002209	1. Бас, жарамдылық мерзімі – үш жыл. 2. Лицензияланатын қызмет бойынша жылдық есеп 3. Лицензияның қосымшасына сәйкес жұмыстар мен қызметтер тізімі	01.08.2008	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Астана қ.
Келесі қызмет түрімен айналысуға мемлекеттік лицензия: сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі саласындағы жұмыстар (қызметтер) (инженерлік жүйелер мен желілерді жобалау, жалпы сипаттағы жер жұмыстары, II және III деңгейлі жауапкершілікті ғимараттар мен имараттардың көтеруші және қоршау құрылымдарын көтеру, сыртқы инженерлік желілер, имараттар, ішкі инженерлік жүйелер орнату бойынша арнайы жұмыстар, құрылымдар мен жабдықтарды қорғау бойынша арнайы жұмыстар, II және III деңгейлі жауапкершілікті ғимараттар мен имараттарды салу, қайта құрылымдау, күрделі жөндеу кезіндегі әрлеу жұмыстары, технологиялық жабдықтарды монтаждау, объектілерді күрделі жөндеу, қайта құрылымдау, соның ішінде көтеруші құрылымдарды күшейту	16-ГСЛ№011281	1. Бас, жарамдылық мерзімі – бес жыл. 2. Жұмыс түрлерін атқаруға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі (жобалау-іздеу қызметі, құрылыс-монтаждау жұмыстары) 2009 жылғы 28 наурыздан кешіктірілмей расталуы керек.	Берілген күні: 28.03.03, қайта рәсімделген күні: 30.07.08ж.	Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы, Петропавл қ.

(мемлекеттік лицензияға қосымша)				
«Северо-Казахстанский Энергоцентр» ЖШС				
Келесі қызмет түрімен айналысуға мемлекеттік лицензия: қайта сату мақсатында электр энергиясын сатып алу	№000003	1. Бас, жарамдылық мерзімі – үш жыл. 2. Лицензияланатын қызмет бойынша жылдық есеп	02.04.2008	Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі ҚР агенттігі Астана қ.

26. Соңғы екі жыл ішінде немесе акционерлік қоғам нақты қызмет атқарған кезең ішінде таратылған өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) көлемдері қабылданған физикалық немесе сандық өлшем бірліктерінде

Атауы	Таратылған өнім (жұмыстар, қызметтер) көлемі	
	2007 жыл	2008 жыл
Электр энергиясын тарату (мың кВтч), соның ішінде	1 562 451,9	1 899 652,1
Бюджет	61 357,4	68 581,4
Ауыл шаруашылығы	43 000,1	46 988,0
Өнеркәсіп	236 361,2	242 553,2
Басқа	76 196,3	85 388,3
Темір жол	380 367,4	351 555,0
«ТрансЭнергоСбыт» ЖШҚ	30 839,5	53700,552
Халық	197 313,9	215 899,2
Төлем қабілетсіз тұтынушылар	149,7	836,8
Тікелей шарттар	536 866,3	834 149,7
Жылу энергиясын тарату (Гкал), соның ішінде	1 581 524,7	1 694 366,4
Бюджет	148 216,4	146 993,7
Өнеркәсіп	130 310,4	125 014,2
Басқа	98 971,4	108 375,1
Темір жол	48 909,1	48 059,5
Халық	790 351,0	831 296,0
Тікелей шарттар	359 555,9	429 239,2
Төлем қабілетсіз тұтынушылар	5 210,5	5 388,7
Химиялық тазартылған суды тарату (мың тн.)	1 936,7	2 050,6
Өнеркәсіп газдарын тарату (мың м3), соның ішінде	476,6	445,6
Газ түріндегі оттек	424,4	401,7
Сұйық оттек	43,7	22,4
Сұйық азот	8,5	21,4

Электр энергиясын тарату, 2007 жылға 337,2 млн.кВт/ч. өсті.

Бюджет 7,2 млн.кВт/ч артты.

Себептері:

- Жаңа бюджеттік ұйымдарды енгізу есебінен артты: Сот әкімшілігінің ғимаратына қосымша салу, балалар бақшасы, Қалалық емхана, Облыстық қан орталығы, 3 мектеп: Кондратовка а. (Қызылжар ауданы), Хлебоборное а. (М.Жұмабаев ауданы), Ақтас а. (Есіл ауданы), Смирново а. (Аққайың ауданы) №3 мектепте спорт зал, (Пресновка а. Жамбыл ауданы) аудан аралық туберкулезге қарсы диспансер.
- Келесі бюджеттік ұйымдардың 2007 жылға тұтыну деңгейінің артуы: облыстық барлық аудандары бойынша АББ – 2,9 млн.кВт/ч, № 12 орта мектеп –0,3, № 13 орта мектеп – 0,3, Қазақ мектеп гимназиясы – 0,2, Облыстық балалар ауруханасы – 0,1, №42 орта мектеп – 0,1 млн.кВт/ч.

Ауыл шаруашылығы 4,0 млн.кВт/ч артты.

Себептері:

- Топ бойынша электр энергиясы сатылымы негізінен ауа райы шарттарына, астыққа байланысты, соған сәйкес қомақты тәуекел дәрежесі бар, әсіресе, ауыл шаруашылығында тұтыну деңгейі өзгертін күз кезеңінде тәуекелге ұшырағыш, жиналған астық көлемі мен жұмыс қажеттілігіне қарай өзгереді.
- Ауыл шаруашылығына электр энергиясын сату көлемі 2007 жылы, негізінен, астық өңдеу көлемін ұлғайту есебінен ұлғайтылды.
- 2007 жылы тұтынуды ұлғайту есебінен КТ «Зенченко и К» (Қызылжар ауданы) – 1,0 млн.кВт/ч, «Бишкульская птицефабрика» ААҚ (Қызылжар ауданы) - 0,5 «Атамекен-Агро-Благовещенка» ЖШС (Жамбыл ауданы) – 0,5, «Атамекен-Агро-Тимирязево» ЖШС (Тимирязев ауданы) – 0,5, «Таманское» ЖШС (М.Жұмабаев ауданы) – 0,5, «Смирновское» ЖШС (Аққайың ауданы) – 0,4, «Пушкинское» ЖШС (Есіл ауданы) – 0,4, КХ «Редин» (Қызылжар ауданы) – 0,3, «Совет СК» ЖШС (М.Жұмабаев ауданы) – 0,3, «Опытная станция» РМҚК (Аққайың ауданы) – 0,3, «Полтавское» ЖШС (Аққайың ауданы) – 0,3 млн.кВт/ч.

Өнеркәсіп 6,2 млн.кВт/ч артты.

Себептері:

- Жыл басынан топ саны артты (+91 жаңа тұтынушы).
- 1,86 млн.кВт*ч «Отдел ЖКХ» МБ тұтыну қаланы жарықтандыру үшін артты.
- Жұмыстар көлемінің, соған сәйкес келесі өнеркәсіп кәсіпорындарының электр энергиясын тұтыну артуы байқалды: «Асыл-Дан» ЖШС (Қызылжар ауданы) – 2,6 млн.кВт*ч, «Сұлтан» АТАҚ - 1,5, «ПЗТМ» ААҚ - 1,2, «Петропавл СУ» АҚ - 1,0, «ЗИКСТО» ААҚ - 0,6, «Завод СХТ» ЖШС - 0,6 млн.кВт*ч.
- Аудандарда тұтыну деңгейі жиналған астық көлемі мен ауа райы шарттарына байланысты. Негізгі өндіріс – ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу және сақтау кәсіпорындары, жекелеп алғанда, элеваторлар.

Басқасы 9,2 млн.кВт/ч артты.

Себептері:

- 2008 жыл қорытындылары бойынша оң нәтиже сектордың дамуымен, атап алғанда топ санының ұлғаюымен байланысты (талданып отырған кезең ішінде +160 жаңа тұтынушы).
- Ірі коммерциялық кәсіпорындардың тұтынуын ұлғайту есебінен, атап алғанда: «МДМ» ЖШС - 0,3 млн.кВт*ч, «Тайга» ЖШС - 0,3, «Вэлта» ЖШС - 0,3, «Ливас» ЖШС (Мамлют ауданы) - 0,2, «Куаныш и К°» ЖШС (Тимирязев ауданы) - 0,14 млн.кВт*ч

Темір жол 28,8 млн.кВт/ч азайды.

Себебі:

- 2008 жыл қорытындылары бойынша теріс нәтиже «ТрансЭнергоСбыт» ЖШҚ бөлінуімен байланысты.

Халық 18,6 млн.кВт/ч артты.

Себептері:

- «Заречный» ПИК коммерциялық топтан халыққа ауыстыруға байланысты - 1,0 млн.кВт*ч.
- Актілер бойынша есептеу есебінен 1,1 млн.кВт*ч.
- Есеп кезеңінен басынан халық тобы бойынша саны артты (1446 тұтынушы).

Жылу энергиясын тарату 2007 жылы 112,8 мың Гкал. артты.

Бюджет 1,2 мың Гкал төмендеді.

Себебі:

- Келесі ірі бюджет ұйымдарының тұтынуының төмендеуі – негізгі себеп: СК Университет - 1,0 мың Гкал, Дет. психоневролог.- 0,9, №1 мектеп-интернат – 0,7 мың Гкал

Өнеркәсіп 5,3 мың Гкал төмендеді.

Себебі:

- Келесі ірі кәсіпорындардың тұтынуының төмендеуі – негізгі себеп: «ПЗТМ» ААҚ - 4,8 мың Гкал, «Северный машиностроительный завод» ЖШС - 1,4 мың Гкал (жылу энергиясын тұтынуды төмендету себептері – қатаң үнемдеу режимі).

Басқалар 9,4 мың Гкал артты.

Себептері:

- Салым көлемінің 2007 жылы артуы келесілермен шартталған:
 - Температуралық фактордың әсерімен (2008 жылғы қаңтардағы төмен температура) – 2007 жылғы қаңтарда 6,3 мың Гкал көп.
 - Келесі кәсіпорындардың тұтынуын арттыруы: «Жана-Алан» ЖШС - 0,5 мың Гкал, Теннис клубы – 0,4, «Мартин-Север» ЖШС - 0,2, «Интава» ЖШС - 0,2, «Петрострой-Люкс» ЖШС - 0,2, «Карат-Реалити» ЖШС - 0,1 мың Гкал.
 - 2008 жылы топ саны артты (+ 39 тұтынушы).

Темір жол 0,9 мың Гкал төмендеді.

Себебі:

- 2008 жылғы қыркүйектен ПУ бойынша Вагон депосын есептеледі.

Халық 40,9 мың Гкал артты.

Себептері:

- 2007 жылы жылу энергиясын тарату көлемінің ұлғаюының негізгі себептері:
 - Температуралық фактордың әсері, 2008 жылғы қаңтарда 2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда 10,0 мың Гкал артты.
 - Келесі мекенжайлар бойынша орналасқан тұрғын үйлер: Интернациональная 30а, Интернациональная 94а, Чайковский, 13а, Сәтпаев, 42а 2008ж. тамыз-қазанда «Петропавл қ. құрылыс бөлімі» МБ бюджет тобынан халық тобына жатқызылды – 0,3 мың Гкал.
 - Жыл басынан бері топ саны артты (+266 тұтынушы).

Химиялық тазартылған суды тарату 113,9 мың тоннаға артты.

Себебі:

- 2007 жылғы осы кезеңдегі химиялық тазартылған суды тарату көлемінің артуының негізгі себебі заңды тұлғалар санының артуы болып табылады, осының салдарынан жылыту жүйелерін жуу үшін қолданылатын су көлемі ұлғайды.
- Жылу энергиясын сату мезгілдік сипатқа ие.

27. Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар

➤ **«СевКазЭнерго» АҚ бизнесінің оң даму сәттеріне келесі факторларды жатқызуға болады:**

- Қоғам тұрақтылығы мен сенімділігінің көрсеткіші ретінде «СевКазЭнерго» АҚ жарғылық капитал мөлшерінің ұлғаюы;
- Қазақстан Республикасының экономикалық деңгейі мен саяси тұрақтылығының, халқының материалдық жағдайының жақсаруы - өнім тарату үшін «СевКазЭнерго» АҚ еркін ақша қаражаттарын тиімдірек пайдалануға мүмкіндік береді;
- Өндірістік тәуекелдерді әртараптандыру (хеджирлеу) – акционерлік қоғамның, тұтынушылар мен клиенттердің қаржы, экономикалық тәуекелдерін төмендету үшін өндірістік тәуекелдерден сақтандырудың түрлі жүйелері мен тәсілдерін қолдану;

- Көп жылдық ынтымақтастық нәтижесінде қалыптасқан тауар-материалдық құндылықтар мен қызметтердің қазақстандық жеткізушілермен әріптестік қатынастар;
